

МРНТИ:15.41.61

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.10>

Б.П. Мырзатаева¹

“Тұран” университеті, Алматы қ., Қазақстан

БАЛАЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СӘЙКЕСТЕНУІ МЕН ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада “этномәдени сәйкестену” феноменін және оның қазіргі ғылымдағы балаларда қалыптасуын қарастырған шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың әртүрлі зерттеулеріне теориялық талдау жасалады. Баланың этномәдени сәйкестенуінің ерекшеліктері, қалыптасу кезеңдері және оларға әсер ететін факторлар сипатталған. Автор өз эксперименттік зерттеуінің нәтижесінде “балалардың 6-7 жаста өз этностық тобымен этномәдени сәйкестену алатыны” туралы тұжырымға келеді. Сонымен қатар, эксперименттік зерттеуінің барысында аталған жастағы қазақ балаларының этномәдени сәйкестенуінің деңгейлерін диагностикалау үшін бейімдеп жасаған әдістемесі мен жаңадан әзірлеген түпнұсқалық авторлық әдістемесінің теориялық негіздемелері мен сипаттамаларын баяндайды.

Түйінді сөздер: этномәдени сәйкестену, этномәдени қатыстылық, 6-7 жас аралығындағы балалар, диагностикалау, психодиагностикалық әдістемелер.

Б.П. Мырзатаева¹

Университет “Тұран” г. Алматы, Казахстан

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ ДЕТЕЙ И ДИАГНОСТИЧЕСКИЕ МЕТОДИКИ

Аннотация

В статье проводится теоретический анализ различных исследований зарубежных, российских и отечественных ученых, рассматривавших феномен «этнокультурной идентичности» и ее формирование у детей в современной науке. Описываются особенности этнокультурной идентичности ребенка, этапы становления и факторы, влияющие на них. В результате своего экспериментального исследования автор приходит к выводу, что «дети 6-7 лет могут этнокультурно идентифицировать себя со своей этнической группой». Помимо этого автор излагает теоретические основы и характеристику модифицированной методики, а также разработанную авторскую методику для диагностики уровней этнокультурной идентичности казахских детей данного возраста, полученную в ходе экспериментального исследования.

Ключевые слова: этнокультурная идентичность, этнокультурная принадлежность, дети 6-7 лет, диагностика, психодиагностические методики.

В.Р. Myrzatayeva¹

"Turan" University, Almaty, Kazakhstan

CHILDREN'S ETHNO-CULTURAL IDENTITY AND DIAGNOSTIC TECHNIQUES

Annotation

The article provides a theoretical analysis of various studies of foreign, Russian and domestic scientists who have considered the phenomenon of "ethno-cultural identity" and its formation in children in modern science. The features of the child's ethno-cultural identity, the stages of formation and the factors influencing them are described. As a result of his experimental research, the author comes to the conclusion that "children 6-7 years old can ethnoculturally identify themselves with their ethnic group." In addition, the author presents the theoretical foundations and characteristics of the modified methodology, as well as the author's developed methodology for diagnosing the levels of ethno-cultural identity of Kazakh children of this age, obtained during an experimental study.

Keywords: *ethnocultural identity, ethnocultural affiliation, children aged 6-7 years, diagnostics, psychodiagnostic methods.*

Kіріспе

Этномәдени сәйкестену соңғы қырық жылда философия, этнография, әлеуметтану, педагогика, психология және т.б. салалардағы зерттеушілердің назарын көбірек аударып келеді. Себебі қазіргі дәуірде адамзаттың тек мәдени және білім беру құндылықтарының жоғары жетістіктерін игеру ғана емес, сонымен қатар біртіндеп, саналы этномәдени қайта жаңғыру процесі де жүріп жатыр. Рухани саладағы этномәдени құндылықтар интеллектуалды қазынаға және жалпыадамзаттық құндылықтардың, халықтардың мәдени дәстүрлерінің, тұлғаның сәйкестендірілу процестерінің сарқылмас қорына айналады. Осы орайда, этномәдени сәйкестенуді зерттеу - тұлғаның дамуы мен қалыптасуын зерделеу тәсілдерінің бірі. Ол күрделі психологиялық ғана емес, сонымен бірге әрбір жеке адамның өзі және әлемдегі өзінің «орны» туралы түсінік алу қажеттілігінен туындайтын әлеуметтік құбылыс.

Зерттеу әдіснамасы

Ресей ғалымы И.В. Малыгина мынаданың анықтауынша, этномәдени сәйкестену – бұл мазмұны жеке адамның ортақ мәдениеттің негізінде жергілікті топпен өзінің қауымдастығын ұғынуы және осыған психологиялық қобалжуы, сондай-ақ оның манифестациясының дара және ұжымдық формасы болып табылатын күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Оның пікірінше, этномәдени сәйкестенуді адам көбінесе о бастан берілген нәрсе ретінде түсініп, бастан кешіреді және басқа халықтардың тілі мен мәдениетінен түбегейлі ерекшеленетін қандай да бір этностық топқа тән тіл немесе мәдениет арқылы көрінеді [1].

Д. Рисман этномәдени сәйкестенудің мынадай белгілерін сипаттайды: тіл, *халықтық салттар мен дәстүрлер, мәдениетке тән ерекшелік, ұқсас мінез бітістері, тұрғылықты жері*, сыртқы келбет және тарихи өткені. Л.Г. Почебут этномәдени сәйкестенудің қалыптасуының келесі факторларын көрсетеді: *мәдениет*, тіл, этномәдени топтың мәртебесі, топтар арасындағы өзара әрекеттесу процесіндегі адамның хабардарлық дәрежесі.

Ресей психологы Т.Г. Стефаненко этностық сәйкестенудің когнитивтік компонентінің құрамындағы келесі элементтерді анықтайды:

- өзінің және өзгенің этностық тобы, олардың тарихы, әдет-ғұрпы, мәдени ерекшеліктері туралы білімдерді қамтитын этностық хабардарлық;

- этностық өзіндік атау, яғни этностық “белгіні” қолдану - өзін қандай да бір топқа жататын ретінде қабылдауға негізделген этноним [2].

Ағылшын ғалымы М. Барретт балалардың этномәдени сәйкестенуін талдай келіп, оның когнитивтік компонентінің бірнеше құраушы бөліктерінің ішінде төмендегілерді де атаған:

- түрлі этномәдени топтардың бар екенін білу. Бала өзінің этномәдени сәйкестігін түсінуі үшін әртүрлі этномәдени топтардың бар екені туралы қарапайым түсініктері болуы керек.
- баланың өз этномәдени тобын білдіретін рәміздері, салт-дәстүрлері, тарихи оқиғалары, мәдениеті туралы білімінің болуы;
- өзінің этномәдени тобының барлық өкілдерімен ортақ шығу тегі мен туыстық қатыстылығы туралы тұрмыстық түсінігінің болуы [3].

Осы күнге дейін баланың этномәдени сәйкестенуінің даму кезеңдерінің жас шекараларын анықтау және нақтылау бойынша шетелдік және ресейлік психолог ғалымдар да көптеген зерттеулер жүргізген. Этномәдени сәйкестену өзінің қалыптасуында баланың психикалық дамуына сәйкес бірқатар кезеңдерден өтеді. Баланың ұлттық топқа қатыстылығын сезінуін дамытудың алғашқы тұжырымдамаларының бірін Ж. Пиаже ұсынған. 1951 жылғы зерттеуінде ол бір процестің екі жағын – “Отан” ұғымының қалыптасуын және онымен бір мезгілде дамып келе жатқан “басқа елдер” мен “шетелдіктердің” бейнелерін талдады. Ж. Пиаже этностық белгілердің дамуының үш кезеңін бөледі:

- 1) 6-7 жаста бала өзінің этномәдени қатыстылығы туралы алғашқы үзік-үзік және жүйеленбеген білімдерді игереді;
- 2) 8-9 жаста бала ата-анасының ұлтын, мекен-жайын, ана тілін негізге алып, өзін этномәдени тобымен айқын сәйкестендіреді;
- 3) 10-11 жаста балада этностық сәйкестену толық көлемде қалыптасады [4].

Өзінің этностық тобымен сәйкестендірілуінің алғашқы “жарқыншағы” 3-4 жастағы балаларда байқалатынын, тіпті үш жасқа дейінгі балалардың өзі алғаш терінің, шаштың түсі сияқты айқын сыртқы айырмашылықтарды қабылдайтыны туралы мәліметтердің (Гудман (1964), Портер (1971), Кац (1976), Эбод (1977), В.П. Левкович пен Н.Г. Панкова (1985); А.Ф. Дашдамиров (1977); Т.А. Талалуева (1997), Э.К. Сулова (1994), С.К. Роцин (1993)) барлығына қарамастан, бірқатар психологтар (О.Л. Романова (1994), Р.Т.Алимбаева (2001) және т.б.) Пиажемен келісіп, толық этностық сәйкестенуге бала, өзінің ішкі дүниесіне үңілу (өзін рефлексиялау) адам үшін бірінші мәнге ие болатын, жеткіншектік кезеңде жететінін мақұлдайды [3].

Алайда, ресей психологтары В.С. Мухина (1988), А.И. Оконешникова (1988), Ж.В. Топоркова (1997), В.Ю. Хотинец (2001)) 5-7 жастан өзінің топқа қатыстылығын сыртқы келбет, ата-аналарының ұлты және отбасындағы қарым-қатынас тілі, өз елі туралы білімдер, мәдениеттің, дәстүрлердің, жеке есімдердің ерекшеліктері, діни сенімдер арқылы түсіне бастап, туғандары мен жақындарының, түрлі құралдарды пайдаланатын мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің көмегімен әрі қарай дамитынын айтады.

Ал біздің “Этностық өзіндік сананы қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері (6-7 жастағы балалардың оқу іс-әрекетінің үлгісінде)” тақырыбындағы диссертациялық зерттеуімізге байланысты 2000-2003 жылдары жүргізген эксперименттік жұмыстарымыздың нәтижесінде 6-7 жастағы балалар “ұлт”, “ұлттық” ұғымдарын, ұлттық материалдық және рухани құндылықтар мен оларды этнобіріктіру және этноажырату белгілерін меңгеру арқылы, өзін және өзгелерді нақты бір этностық мәдениетпен сәйкестендіре алатыны анықталды [5].

Балалардың этномәдени сәйкестенуі туралы айтқанда, оның қалыптасу деңгейлерін диагностикалау ерекше назар аударуды талап етеді. Алайда, біздің елімізде балалардың этномәдени сәйкестенуі мен оны психодиагностикалау мәселесіне арналған ғылыми еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Әсіресе психологиядағы танымал тесттерді,

әдістемелерді бейімдеу мен теориялық тұрғыдан негізделген жаңа психодиагностикалық әдістемелерді әзірлеу әлі күнге дейін жеткілікті қолға алынбай келеді. Осыған орай, біздің бұл мақаладағы басты мақсатымыз – 6 мен 7 жас аралығындағы қазақ балаларының этномәдени сәйкестенуінің деңгейлерін диагностикалау үшін бейімдеген әдістемемізбен және өзіміз әзірлеген түпнұсқалық авторлық әдістемемізбен таныстыру. Бұл әдістемелер біздің жоғарыда аталған диссертациялық зерттеу жұмысымыздың барысында 2000-2003 жылдары Алматы және Шымкент қалаларының бірқатар мектепке дейінгі мекемелері мен Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан облысы) ауылдық мектептерінде 340 балаға жүргізіліп, эксперименттік сынақтан өткізілді, жарамдылығы дәлелденді [5]. Төменде олардың психологиялық негіздемесі мен сипаттамаларын баяндаймыз.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері

1. Алдымен, қолданыстағы танымал тестті ұлттық мазмұнға бейімдеп, **“Не артық және неге?”** деп атаған әдістемемізге тоқталамыз. Бұл әдістеме үшін Э.Ф. Замбиявичененің мектепке дейінгі ересек және мектеп жасындағы балалардың ақыл-ойының даму деңгейін анықтауға арналған тестінің II Субтестін тандап алдық. Аталмыш Субтесті тандаған себебіміз, ол тек заттар мен құбылыстарды жинақтау мен абстракциялауға, маңызды белгілерін бөлуге қабілеттілікті ғана айқындап қоймайды, сонымен қатар ұлттық материалдық салт-дәстүрлер туралы білімдері мен этнобіріктіру және этноажырату белгілері туралы түсініктерін, демек **“Мен – өзіміздікі”, “Мен – өзгенікі”** қатынасын анықтауға да мүмкіндік береді. Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі мекемелердегі 6-7 жас аралығындағы балалардың ұлттық бағыттағы білімдері (ұлттық тәлім-тәрбиемен анықталатын) сапалы мазмұнға ие болса, онда олар заттар мен бұйымдарды ұлттық ерекшеліктеріне қарай ажыратып, ұлттық белгісі бойынша топтастыра алады деп болжадық.

Осыған орай, бұл әдістемеді **ынталандырушы материал** ретінде, қазақ халқының 20 ұлттық заттары (бұйымдары) мен төрт түліктің шағын суреттері және осыларға сәйкес өзге халықтың 5 түрлі ұлттық заты (бұйымы) мен шошқа малының суреттері 6 жолақ қағаздың бетіне төмендегідей ретпен топтастырылады. Сонымен қатар, сол суреттердің біреуін жабатындай шаршы қағаз дайындалды.

Сәукеле	Қыздардың үкілі тақиясы	Ерлердің тақиясы	Кимешек	Орыс қыздарының Коронасы	
Тон	Жеңсіз камзол (желетке)	Армян халқының черкаскасы	Қос етек көйлек	Шапан	
Ерлердің саптама етігі	Орыс халқының лаптиі	Әйел тифлиі	Мәсі	Әйелдің қысқа қоныш етігі	
Қымыз құятын шөміш	Орыс халқының шәй табағы	Торсық	Қымыз ішетін тостаған	Қымыз құятын керсең	
Кебеже	Биік үстел	Сандық	Жозы (дөңгелек аласа үстел)	Әбдіре	
	Түйе	Сыыр	Қой	Ешкі	Шошқа

Жылқы					
-------	--	--	--	--	--

Әдістеменің мақсаты: аталған жастағы балалардың өз ұлтының материалдық заттары мен бұйымдарын, үй жануарларын танып-білу, этноажырату және этнобіріктіру белгілерін меңгеру арқылы этномәдени сәйкестену деңгейін анықтау.

Әдістемені жүргізу барысы.

Әдістеме 6-7 жас аралығындағы балалармен жеке-жеке жүргізіледі. Экспериментатор балаға әртүрлі суреттерді бірге қарауды ұсынып, алдымен бірінші жолақтағы топтаманы көрсетеді. “Мұнда бірнеше заттың суреттері бар. Олардың ішінде бір зат артық және басқаларына ұқсамайды. Ал қалған заттарды бір топқа біріктіріп, бір атау беруге болады. Сен мұқият қарап, артық затты мына қағазбен жап”, – деп шаршы қағазды береді. Бала артық деп тапқан затты жапқан соң: “Неге оны артық деп ойлайсың?” деген сұрақ қойып, қалған заттарды (бұйымдарды) төмендегідей жалпылауға жетелейді.

1-жолақта қазақ халқының ұлттық бас киімдері.

2-жолақта қазақ халқының ұлттық сырт киімдері.

3-жолақта қазақ халқының аяқ киімдері.

4-жолақта қазақ халқының ыдыс-аяқтары.

5-жолақта қазақ халқының үй жиһаздары.

6-жолақта төрт түлік мал.

Осылай балаға барлық жолақтағы заттар мен бұйымдардың, малдардың суреттерін көрсетіп, тапсырманы орындатады.

Мәліметтерді өңдеу.

Тапсырманы орындаудан алынған мәліметтерді өңдеуде балалардың этномәдени сәйкестенуінің 5 деңгейі анықталады:

Өте жоғары. 6 жолақтағы ұлттық заттар мен бұйымдардың, малдардың атауын толық біледі, олардағы өзге ұлт заттары мен бұйымдарын, шошқа малын артық деп тауып, қалғандарын ұлттық белгісіне сәйкес дұрыс жалпылайды.

Жоғары. Жолақтардағы ұлттық заттар мен бұйымдардың, малдардың кейбіреуін атауда, олардың арасынан артығын табуда, себебін айтуда және қалғандарының кейбіреуін ұлттық белгісіне қарай жалпылауда эксперимент жүргізушінің көмегіне сүйенеді.

Орташа. Жолақтардағы ұлттық заттар мен бұйымдарды олардың қызметімен, жас ерекшелігіне қарай кімдер киетінімен және т.б. атайды. 2-3 жолақтағы артық заттарды, бұйымдарды дұрыс тауып, ұлттық белгісімен байланыстырады. Жалпылауда ұлттық белгісіне көңіл бөлмейді (мысалы: “бас киімдер”, “аяқ киімдер” деп қана жалпылайды және т.с.с.). Эксперимент жүргізушінің көмегін қабылдай алмайды.

Төмен. Жолақтардағы ұлттық заттардың атауын білмейді, тек кейбіреуін олардың қызметімен, жас ерекшелігіне қарай кімдер киетінімен, т.б. атайды; артық заттарды дұрыс таппайды, ішінара дұрыс тапқанымен де, оны ұлттық белгісімен емес, басқа белгілерімен байланыстырады; қалған заттарды жалпылауда ұлттық ерекшелікке мүлдем көңіл бөлмейді, 1-2 жолақты ғана тұтас жалпылайды; қалған жолақтардағы заттарды сол топтамадағы заттардың біреуінің атымен жалпылайды (мысалы: “тақиялар”, “етіктер”)

Өте төмен. Жолақтардағы ұлттық заттардың атауын білмейді, қазіргі кездегі киімдердің атауымен (мысалы: тонды “пальто”, кимешекті “басқа салатын орамал” деп) атайды; бірде-бір жолақтағы артық затты таба алмайды, себебін айтып бере алмайды, мүлдем жалпылай алмайды.

2. Енді әрі қарай **“Наурыз мейрамы”** деп атаған түпнұсқалық авторлық әдістемемізді таныстырамыз. Бұл әдістемені әзірлеуге Н.Н. Поддьяковтың (1977) “Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың белсенді ойлау әрекетінің объектісі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттері мен өлшемдерінің арасындағы түрлі байланыстар мен

тәуелділіктер болатындықтан, ол кеңейіп, тұтастай құрылымды түзеді” деген тұжырымы негіз болды. Осы тұжырымға сүйене отырып, балалар материалдық мәдениет әлемінің бірі ретінде ұлттық асхана туралы білімдерін рухани мәдениет саласының бірі ұлттық мерекемен (Наурыз мерекесімен) байланыстырып, нақты дүниенің мәнді қасиеттері, қатынастары туралы білім беретін шындықтың жинақталып қорытылған бейнесін береді және өздерін олармен сәйкестендіреді деп есептедік.

Әдістеменің мақсаты: балалардың ұлттық заттар мен құбылыстарды байланыстырып, тұтас ұғым түзу арқылы онымен этномәдени сәйкестенуінің деңгейін анықтау.

Қажетті құралдар: мүсіндеуге қажетті құралдар мен түрлі-түсті ермексаздар, дастархан, жайма нан ретінде әр түрлі көлемдегі қағаздар және т.б. (әр балаға жеткілікті мөлшерде).

Әдістемені жүргізу барысы екі бөлімнен тұрады:

1-бөлім. Әдістеме тұтас топпен жүргізіледі. Балалармен Наурыз мерекесі туралы әңгіме өткізіледі. Наурыздың ұлттық мейрам екендігі айтылып, бұл күні барлық адамдар бір-біріне қонаққа баратыны, сондықтан әрбір үйде дастархан жайылып қонақ күтілетіні еске түсіріледі. Балаларға әркім өз дастарханына тағам жасау ұсынылады. Экспериментатор ұлттық тағамдар туралы ешқандай сөз қозғамайды.

2-бөлім. Экспериментатор балалармен дайындаған тағамдары жайлы жеке-жеке әңгімелеседі. Мынадай сұрақтар қояды:

- Сен қандай тағамдар дайындадың?
- Сен неге бұл тағамдарды дайындадың?
- Бұл тағамдар неден жасалады?
- Бұл тағамдарды қалай дайындайды?

Мәліметтерді өңдеу.

Тапсырманы орындаудан алынған мәліметтерді өңдеуде балалардың этномәдени сәйкестенуінің 5 деңгейі анықталады:

Өте жоғары. 5-6 түрлі ұлттық тағамды дайындап, атайды, неге бұл тағамдарды дайындағанын түсіндіреді, неден және қалай дайындалатынын айтып береді, ұлттық мәнімен анық байланыстырады.

Жоғары. 3-4 түрлі ұлттық тағамды дайындап, атайды; неден және қалай дайындалатынын айтып береді; неге бұл тағамдарды дайындағанын түсіндіруде ұлттық мәнімен көмескі байланыстырып, экспериментатордың көмегіне сүйенеді.

Орташа. Дайындаған тағамдарының арасында 3-4 түрлі ұлттық тағам кездеседі, оларды атайды; неден және қалай дайындалатынын толық айтып бере алмайды; неге бұл тағамдарды дайындағанын түсіндіруде ұлттық мәнімен байланыстырмай, тек өз тәжірибесіне сүйенеді, тәжірибе жүргізушінің көмегін қабылдай алмайды.

Төмен. Дайындаған тағамдарының арасында 1-2 түрлі ұлттық тағам кездеседі, оларды атайды; неден және қалай дайындалатынын айтуда, неге бұл тағамдарды дайындағанын түсіндіруде қиналады, өз тәжірибесіне ішінара сүйенеді.

Өте төмен. Ұлттық тағам түрі жоқ, ұлттық тағамдардың атауын білмейді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, осы диагностикалық әдістемелерді бейімдеп жасауда және түпнұсқалық әдістемені әзірлеуде балалардың жас және психикалық даму ерекшеліктері мен таяудағы даму аймағы ескерілді.

Бұл әдістемелердің сипаттамаларынан балалардың этномәдени сәйкестенуін диагностикалау “ұлт”, “ұлттық” ұғымдарының мәні мен мағынасын ашатын рухани және материалдық салт-дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктерін түсіну, оларды этнобіріктіру және этноажырату белгілерін меңгеру деңгейлерін анықтау негізінде бейімделгенін және әзірленгенін көруге болады.

Сонымен қатар, ұсынылып отырған әдістемелерді кез келген этностық топқа қатысты балалардың этномәдени сәйкестенуін диагностикалау үшін бейімдеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Malygina I.V. Etnokulturnaia identiŝnos: Ontologia, morfologia, dinamika: Aftoref.dis. ... d-ra filos. nauk. po spesiälnosti VAK RF 24.00.01 - Teoria i istoria kültury/ <https://www.dissercat.com/content/etnokulturnaya-identichnost-ontologiya-morfologiya-dinamika>*
2. *Akosta A. Etnokulturnaia identiŝnos rebenka: sosialno-psihologiŝeskaia harakteristika //Psihologia: aspekty teorii i praktiki. - № 10 (032), 2011. - S. 337-341. \tpts://cyberleninka.ru/article/n/etnokulturnaya-identichnost-rebenka-sotsialno-psihologicheskaya-harakteristika*
3. *Tatarko A.N., Lebedeva N.M. Metody etniŝeskoï i kroskülturnoi psihologii/ Uŝebno-metodiŝeskoe posobie. – Moskva, İzdatelski dom Vysŝei ŝkoly ekonomiki. – 2011. – 22 str.\ 447d943b8535433f9137c4986d01082b.pdf (iapm.edu.ua)*
4. *Akosta A. Etnokulturnaia identiŝnos rebenka v mejetniŝeskom brake kak problem sovremenoi psihologii // Psihologia: aspekty teorii i praktiki. - № 3-4 (025-026), 2011. - S. 466-471. \ <https://cyberleninka.ru/article/n/etnokulturnaya-identichnost-rebenka-v-mezhetnicheskom-brake-kak-problema-sovremennoy-psihologii>*
5. *Myrzataeva B.P. Bilim beru jüiesinde etnostyq özındık sanany qalyptastyru: teoria-praktika. Monografia. – Almaty: «Türan» - universiteti, 2017. - 160 bet.*